

**Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

2022 тамыз

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 2022 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесін бекіту.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» баяндама.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қортындылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаев сөз алып педагогтарды жаңа оқу жылы мен құттықтады. Сондай – ақ педагогтардың сапалық құрамымен таныстырды. Яғни 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, педагог-психолог және топтың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын да айтып өтті. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылып, өзгерістер енгізілді. Тәрбиелеу білім беру процесінде: Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады. Бұрынғы 5 саламыз дағды деп өзгертілді. Тәрбиеленушілердің құзіреттіліктерін физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту, әлеуеттік – эмоционалды дағдыларды дамыту арқылы тәрбиелейміз. Тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері ескерілетінін білесіздер. Ал үлгілік оқу бағдарламада: Тәрбиелеу білім беру процесінің міндеттерін іске асыру, ұйымдастырылған іс – әрекеттің мазмұны, білім беру іс – әрекетін тиімді кіріктіру, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету, ұйымдастырылған іс – әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында Ерте жас (1 жастағы балалар) дене шынықтыру аптасына 3 рет, музыка аптасына бір рет, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика қоршаға

ортамен таныстыру, мүсіндеу іс-әрекеттерін күн сайын өткізесіздер. Кіші топ (2 жастағы балалар) дене шынықтыру үш рет, музыка аптасына бір рет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерді күн сайын өтесіздер. Ортаңғы топ (3жастағы балалар) дене шынықтыру аптасына үш рет, қазақ тілі аптасына бір рет, музыка аптасына бір рет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері күн сайын өтіледі. Ортаңғы топта аптасына бір рет вариативтік компонент ересек топта аптасына екі рет вариативтік компонент өтіледі. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестелері топтардың жас ерекшеліктеріне қарай стандарт бойынша түзіліп бекітілді. Сонымен қатар күн тәртібі, топтардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілді. Енді балабақша қызметкерлері сол белгіленген құжаттарға қарай жұмыс жасайтын болады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі К.Шалатаева «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Қай ел, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро- эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі - тілі, екіншісі - діні, үшіншісі - дәстүрі, төртіншісі - тарихы, бесіншісі - атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру – ең басты қағидат. Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен тәрбиешінің атқарар ролі зор. Білім алудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі - баршаға» демекші

тәрбиешілер баланы дұрыс тәрбиелеуге, санасының қалыптасуына үлес қосамыз. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным - тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Өйткені, ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ойлы тоқтамның маңызы – болашақта құнды ізгілікке, имандылық пен парасаттылыққа апаратын ұстанымдардың ұтымды жақтарын айқындап түсіндіруде; тәуелсіздігіміздің құндылығы, болашағы біртұтас ұлтта, елде екенін қонымды дәйектермен сенім деңгейіне көтермелеуде білінбек. Ұстамды ұқыптылықта адам сезімінің, сөзінің, сенімінің патриоттық рухын ашып беруге тәптіштеп назар аударудың маңызы арта беретіні күмәнсіз. Сол бетбұрысқа лайықты үлес қосалық. Қорыта келгенде, кез-келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған-туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағыталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол биылғы педагогтардың шығармашылық тақырыптары өзгертілмейді. Себебі өткен жылғы шығармашылық тақырыптардың уақыты әле бітпеді. Сондықтан сол тақырыптарыңызды жағастыра беріңіздер.. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарыңызға материалдар жинақтап, әдістемелік кітап ұсынып, озық тәжірибелеріңізді жинақтаңыздар. Оқу жылының соңында шығармашылық тақырыптарыңыз бойынша есеп бересіздер.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша «Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қортындылау» әдіскер сөз алды. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес

ұйымдастырылған және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады. Тәрбиеленушілердың таза ауда көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән беріледі. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Жаз айларына арналған іс-шаралар тізіліп, тәрбиешілер, музыка жетекшісімен бірге балалардың қорғау күніне «Бақытты балалық шақ», «Сәлем жаз!», спорттық ойын сауық, тас жолда сурет салу көрмесі, әртүрлі іс-шаралар өткізіліп, балалар үшін қызықты мереке болды. Жаз мезгілінде ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануда қадағалау болды. Жаз мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітілді. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірі және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастырып, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес іс-әрекеттерінің кестесі бекітілсін. Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2016жылғы тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жұмыс жүргізілсін.
2. Балабақшада ұлттық құндылықтарды насихаттап, тәрбиеленушілерге ұлттық құндылықтардың маңызы туралы үйретіп, жұмыстар жүргізілсін.
3. Тәрбиешілердің бекітілген шығармашылық тақырыптарына сәйкес жұмыс жүргізілсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаяева

Хатшы



Нарова.Н

**Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

2022 қазан

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Ойын арқылы оқыту технологиясы» баяндама.
3. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылып, өзгерістер енгізілгендігін жақсы білесіздер. Қазіргі таңда педагогтар осы өзгерістерді негізге ала отырып өз жұмыстарыңызды жүргізіп келесіздер. Дегенмен алда мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын оқу, түсіну бойынша толыққанды жұмыстар жүргізілу керектігін айта кеткім келеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарындағы өзгертулер негізінде жұмыстарыңызды жалғастыруларыңызды сұранамын.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Аюпова «Ойын арқылы оқыту технологиясы» тақырыбында баяндама оқыды. Мектепке дейінгі жас - ерік- жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы тиіс, бірақ, ойын-сауық емес. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет. Педагог осы жүйені пайдалана отырып, нәтижесінде баланың сол немесе өзге де заттық мазмұны бар деңгейді меңгеретініне сенімді болуы қажет. Әрине, баланың бұл жетістік деңгейі диагностикалауды талап етеді, ал педагог пайдаланылатын технология диагностикаға сәйкес материалдарды қамтамасыз етуі тиіс. Педагогикалық ойын технологиясы — педагогикалық процесті әртүрлі педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру. Бұл педагог қызметінің дәйегі бойынша: іріктеу, әзірлеу, ойындарды дайындау; балаларды ойын қызметіне қатыстыру; ойынды қорытындылау. Ойын технологиясының тұжырымдамалық негіздері: Балалармен бірлескен ойын нысаны, ойын тәсілдері мен жағдайлары көмегімен, баланың қызметін ынталандыру және қызығушылығын ояту негізінде құрылады. Педагогикалық ойындарды іске асыру мынадай ретпен жүзеге асырылады. — дидактикалық мақсат ойын міндеттерінің түріне қойылады, білім беру әрекеті ойын ережесіне бағынады; — оқу материалы оның

құралдары ретінде пайдаланылады; дидактикалық тапсырмаларды табысты орындау ойын нәтижесіне байланысты. Ойын технологиясы білім беру процесінің белгілі бір бөлігін, яғни біріктірілген жалпы мазмұнын, сипатын қамтиды. Ойын технологиясына білім беру саласындағы интегративтік қасиеттерді қалыптастыратын дәйекті ойындар мен жаттығулар жатады. Сондай-ақ, ойын материалы білім беру үдерісі мен оқу материалын игеру тиімділігін арттыруы қажет. Ойын технологиясының басты мақсаты — мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу. Оның міндеттері: Білім мен дағдыны меңгерудегі қажеттілікті түсінуде, баланың жеке белсенділігінің жоғары деңгейге жетуі. Баланың белсенділігі мен қызметінің нәтижелілігін арттыратын құралдары таңдау. Бірақ, кез келген педагогикалық технология сияқты, ойын технологиясында мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: Технологиялық жүйе — логикалық өзара байланысты функционалдық элементтердің технологиялық процестің сипаттамасына бөлінуі. Ғылыми база — білім беру мақсаттарына жету үшін, белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі. Жүйелілік – технологияның барлық бөліктерінің өзара байланысы, тұтастығы, логикасының болуы. Басқарылуы — құралдар мен әдістерді түзету мақсатында, оқу процесін кезеңдік диагностикалау, қайта жоспарлау мүмкіндігінің болжануы. Тиімділігі — белгілі бір стандартты оқытудың тиімді нәтижелері бойынша кепілдік беруі. Жаңадан өндірілуі — басқа білім беру мекемелерінде қолданылуы. Ойын технологиясы балабақшаның тәрбие және білім беру тараптарымен оның негізгі міндеттері шешімімен тығыз байланысты. Ойын технологиясы балаға: өзіне аса маңызды әлеуметтік рөлдерді «тәлімгерлер мүмкіндігін» оқытылатын құбылысқа қатысты (қанағаттандыруға бағдарланған танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қуаныш); «шынайы өмір» уақытында біраз өмір сүруді береді. Ойын технологиясының мәні ойын-сауық және демалыс ғана емес, егер дұрыс басшылық жасалатын болса, оқыту тәсілі; шығармашылық қызметті іске асырушы; әдіспен емдеу; ең бастысы баланың ортаға әлеуметтенуінің бірінші қадамы болып табылады. Ойынның тәрбиелік және оқыту мағынасы мынаған тәуелді: — ойын қызметінің әдістемесін білуіне; — ойын түрлерін ұйымдастыру немесе басшылық жасау кезінде педагогтың кәсіби шеберлігіне;

— жас және жеке мүмкіндіктеріне. Қазіргі кезеңде ойын қызметі өзіндік технология ретінде пайдаланылуы мүмкін: тақырыпты меңгеру үшін немесе оқылатын материалдың мазмұны ретінде; сабақ немесе оның бір бөлігі (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) ретінде; МДМ қалыптасқан ұжымға білім беру бағдарламасының бөлігі ретінде. Ойын, әдетте, балалардың жеке бастамасы, сондықтан педагогтың басшылығы ойын технологиясын ұйымдастырудың талаптарына сәйкес болуы тиіс: Ойынды таңдау — өз рұқсатын талап ететін тәрбиелік міндеттерге байланысты, бірақ, балалардың мүдделерін және қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы болуға тиіс (балалар қызығушылық танытып, ойынға белсенді әрекет етеді және нәтижесін алады); Ұсыныс — ойын проблемасы құрылады. Оны шешу үшін түрлі ойын міндеттері: қағидалары мен іс-қимыл техникасы ұсынылады; Ойынды түсіндіру — қысқа, анық, тек балалардың қызығушылығы пайда болғаннан кейін айтылады; Ойын жабдықтары — ойынның мазмұнына барынша сәйкес келуі тиіс; Ұжымдық ойынды ұйымдастыру — әрбір бала өзінің белсенділігін және ұйымдастырушылық біліктілігін танытуына болады. Осылайша, ойын міндеттері тұжырымдалады. Балалар ойын барысына қарай жеке-жеке, жұппен немесе топтармен, ұжыммен жұмыс істей алады. Ойынның жағдайын дамыту — мынадай қағидаларға негізделеді: балаларды ойынға тарту, мәжбүрлеудің болмауы; ойын қарқынын ұстап тұру; Ойынның аяқталуы – нәтижелердің талдануы нақты өмірдегі іс жүзіне бағытталуы тиіс. Педагогикалық ойынның ойын технологиясындағы басты белгісі — нақты қойылған оқыту мақсаты мен оған сәйкес

келетін педагогикалық нәтижелері сипатталатын оқу-танымдық бағыттары. Ойын сабақтар өте жанды, эмоциялық қолайлы психологиялық жағдайда, ізгілікті, еркіндікті, теңдікті талап етеді. Пассивті балаларды оқшаулауды қажет етпейді. Ойын технологиясы арқылы балаларда өзіне деген сенімділік пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі балалар ойын жағдайға жақындатылған шынайы өмір сүру жағдайларын, кез-келген қиындықтарға әрекет ете отырып, материалды оңай меңгереді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева «Психологиялық – педагогикалық жағдайда ата-аналармен балалар арасындағы қарым-қатынасты дене тәрбиесі амалдары арқылы үйлестіру» тақырыбында баяндама оқыды. Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеден ғана болады» — деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет. Сондай-ақ, баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшандық, күштілік төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға, тұрмыста және дене тәрбиесі іс-әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Балаларды мектепке даярлау кезеңінде олардың денсаулығын жақсарту мәселесі бойынша өсу тенденциясына бүгінгі ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән беріледі. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар: таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары. Күнделікті баланың ақыл-ойын арттыру үшін танымдық мағлұматтар көп беріледі. Баланы тұлға ретінде қалыптастыруда оның дене дамуына көңіл аударуымыз қажет. Бала ағзасының дұрыс дамуы үшін балабақшада сауықтыру мен профилактикалық міндеттер күнделікті күн тәртібінде жүйелі орындалуы тиіс. Денсаулықты жақсарту үшін баланы шыдамдылыққа, іскерлікке, психологиялық және физикалық үйлесімділікке бейімдеу қажет. Денсаулықты дұрыс қалыпта сақтау үшін қажетті негізгі мақсаттарға тоқталсақ; дені сау бала тәрбиелеу, дұрыс қарым-қатынас жасай білу, денсаулыққа қажеттіліктер, салауатты

дұрыс мағлұматтар беру, материалдық-техникалық оқу базасын белгілеу, дене жаттығуларын жасау, спорттық бағдарламаларды көбейту, дұрыс тамақтану, іс-әрекетке белсенді түрде қатысу. Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың көңіл-күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі, ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі – серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін өте маңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жай жүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Ширақ қозғалыста болады, адымдай жүреді, аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүгіргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіп қоймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, көзқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеруіміз керек. Қыс мезгіліндегі ойындар өте пайдалы, соның өзінде ойын қозғалыстарымен, жаттығулары демалыспен кезектесуі керек. Ыссы ауа-райында ойындар жай қозғалыста болғаны жөн. Ойын қызығымен бала шаршағанын аңғармайды. Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын түзу басуын қадағалаған дұрыс. Қысқы ойындарда бала шанамен ойнағанды, қар ұстап ойнағанды жақсы көреді. Жаз, күз мезгілінде саябаққа барғанды ұнатады: жапырақ жинау, маусымдық киіммен, мысалы, аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белгілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы да денені шынықтыруға жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауада болу пайдалы. Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады. «Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша меңгеруші сөз алды. Ол кісі өз сөзінде баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, дененің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Организмнің қорғаныс қабілеті тілашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның дұрыс әрі мерзімінде жетілуіне бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне айрықша мән беру керек. Бұлшық еттерді қатайту, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуіне, тыныс

алуды тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал жасау керек. Бала денсаулығын дамытуда ойынның маңызы өте зор. Тәрбиеші балалармен түрлі ойын , жаттығулар өткізеді . Серуен кезінде де түрлі жаттығу, ойындар ойнайды. Тәрбиеші көп қозғалмайтын балаларға ерекше көңіл аударып , ойынға үнемі қатыстырып отыруы тиіс. Осы тұрғыда дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды тәрбиеші балдарға дұрыс пайдаланады. Балалар құралдары пайдалану барысында педагогтың көмегіне жүгіне оырып дене қозғалыстарын жасады. Ойындар кезінде әр түрлі құралдардың пайдалану жолдарын көрсете отырып тәрбиеші жұмыстарын жүзеге алады. Балалар қызығушылықпен қарап берілген тапсырмаларды орындай отырып ойын барысында белсенділік танытты . Қорыта келгенде балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда тәрбиеші құралдарды пайдаланып жетістікке жете алады.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Ойын арқылы оқыту технологиясын педагогтар жұмыс барысында қолдансын.
2. Психологиялық-педагогикалық жағдайда ата-аналармен балалар арасындағы қарым-қатынасты дене тәрбиесі амалдары арқылы үйлестіру бойынша жұмыс жүргізілсін.
3. Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалану тақырыпты тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

2022 желтоқсан

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың құзіреттілігін дамытуға мониторинг» Пікір алмасу.
3. «Дамыту ойындарын өткізу барысында балалардың тілін дамыту» баяндама.
4. Педагогтардың тілдесу мәдениеті тәртібін, әдептілікті сақтау ережесін бақылау.
5. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарындағы өзгертулер негізінде жұмыстарыңызды жалғастыруларыңызды сұранамын. Ойын технологиясы балабақшаның тәрбие және білім беру тараптарымен оның негізгі міндеттері шешімімен тығыз байланысты. Ойын технологиясы балаға: өзіне аса маңызды әлеуметтік рөлдерді «тәлімгерлер мүмкіндігін» оқытылатын құбылысқа қатысты (қанағаттандыруға бағдарланған танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қуаныш); «шынайы өмір» уақытында біраз өмір сүруді береді. Ойын технологиясының мәні ойын-сауық және демалыс ғана емес, егер дұрыс басшылық жасалатын болса, оқыту тәсілі; шығармашылық қызметті іске асырушы; әдіспен емдеу; ең бастысы баланың ортаға әлеуметтенуінің бірінші қадамы болып табылады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап, республиканың мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің бірінғай жүйесі енгізілді. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін

ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша мониторингтің біріңғай тәсілін қамтамасыз ету. Әдістемелік ұсынымдар келесі міндеттердің шешілуіне ықпал етеді: - мектепке дейінгі білім беруде ұсынылатын қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау және өңдеу; - Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін табу; - білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау. Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі». Күтілетін нәтиже: мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылаудың ортақ тәсілі мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы мәліметті алуға, балалардың жетістіктерінің динамикасын бағалауға, балалармен алдағы жұмысты жоспарлауды қамтамасыз етеді.

4 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог: - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын; - Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын; - Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі; - мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін; - баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін; - мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін; - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет. Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар. Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен іс-әрекеттер бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады: 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады; 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие; 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды бақылау; - әңгімелесу; - бала әрекетінің өнімдерін талдау; - диагностикалық жағдаяттар. Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында. 5 Мониторинг жүргізу бірінші кіші топтан басталады. Аталған топта Бастапқы бақылау үшін индикаторлар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған ерте жастағы топтың күтілетін нәтижелері болып табылады (1 қосымша). Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылаудың

табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағына енгізеді. Бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ (сынып) бойынша Жиынтық есеп жасалады (2 қосымша), ол білім беру ұйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге (оқу-тәрбие ісінің меңгерушісіне) беріледі (3 қосымша). Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады (4 қосымша). Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда және мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытына жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды. Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана қолданыла алады:

- баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау (жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру); - балалар тобымен жұмысты белсендендіру қажет.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Аюпова «Дамыту ойындарын өткізу барысында балалардың тілін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Балалар-біздің болашағымыз, егеменді еліміздің ертеңі. Осы келешек ұрпақтың ойы озық, білімі терең, тәлім-тәрбиесі жоғары болу үшін мемлекетіміз ерекше көңіл бөлуде. Оның айқын көрінісі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, өз сөзінде «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетелеген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу» деп атап көрсетті. Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын айта білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту, ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, т. апсырма, жаттығулар орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп

сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Өз тәжірибемде заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын сабақтарын ұйымдастыру барысында балалар сөздік қорларын дамытады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Топта өзім жетекшілік ете отырып балаларды ойын ережесін сақтауға әрі ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындай тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаш жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап». Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтардың қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, адамдар еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Қимылды ойындар балаларды еркіндікке тәрбилейді. Біздің кіші тобында қимылды ойындарды күн сайын өткізілу ұсынылады. Қимылды ойынды көбіне серуен кезінде таза ауада ойнаймыз. Ойын бүкіл топ болып та, шағын топ болып өткізіледі. Ойынның түрлері өте көп. Соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісін қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында орындалады. Қорыта келе айтқанда, ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан-жақты дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын – бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол ксі өз сөзінде өзінің кәсіби тұлғалық қасиеті өн бойынан көрініс табатын бірден-бір мамандық иесі – ұстаз мамандығы. Сондықтан да әр заманда ұстаздың қадір-қасиеті туралы ұлы адамдар ұлағатты сөздерін айтып, келер ұрпаққа жеткізіп отырған. Мысалы, қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсарин «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық,

өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі» десе, Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» деп баға берген. Сондықтан да әр ұстаз, әр оқытушы, әр мұғалім, әр тәрбиеші, жалпы әр педагог ең алдымен, «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» деген Абай атамыздың мағыналы сөзіне сүйене отырып, ең бірінші кезекте адамгершілік белгілерінің басты шарттарын назарда ұстап, іскерлігі мен дағдыларының арқасында, баламен қарым- қатынас жасауда педагогикалық этика ережелерін басшылыққа алу керектігін назарға алуы тиіс. Педагогтың мәдениеті мен шеберлігін анықтайтын сыртқы бейнесі, сыртқы келбет мәдениеті, мимикасы, сөйлеу мәдениеті үнемі балаға үлгі ретінде көрсете алатындай сипатта болуы керек. Кез-келген педагог оны өз тәжірибесінде пайдалана отырып, баланы тәрбиелеуде ең басты қағидат ретінде санауы тиіс. Жалпы, нағыз педагог тек қана білім алушыға жақсы сапалы білім мен тәрбие берумен шектелмейді. Ең алғаш еңбек жолын бастаған әрбір педагог жан-жақты «Ұстаз» деген атқа лайықты болуы үшін міндетті түрде өзі таңдаған мамандығының негізгі ұғымдарын біліп, педагогикалық әдеп қағидаттарын сақтап, оған қоса жауапкершілік талаптарын тереңінен түсіне білуі шарт. Ал, жалпы педагогикалық әдеп дегеніміз не? Осы сұрақтың жауабын тауып көрейікші? Менің ойымша, педагогикалық әдеп – этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады. Ол үшін педагогке тиісті заңдарды білумен қатар, қарапайым адамгершілік яғни, кәсіпке, қоғамға деген қарым- қатынас, тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау, эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік, ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату, әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау, өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау, өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру деген сияқты қағидаттарды есте шығармау керек. Өйткені, «педагог» ұғымының дәрежесін түсірмей, биікке көтеру үшін осы бағытта жұмыс жасағанымыз жөн. Белгілі педагог К.Д. Ушинский «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді» деген нақыл сөзі осы ойымыздың дәлелі іспеттес. Қазіргі кезде педагогикалық әдеп әр адамның бойынан көрінуге тиіс нәрсе. Кез-келген ортада, жұмыста болсын адамдармен, балалармен, ата-анамен қарым-қатынас жасау кезінде әдеп қағидаттарын ұстану керек. Әдеп қағидаттары адамның сөйлеу икемділігіннен, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыра алатынынан, өзін-өзі ұстай алуынан, сонымен қатар, баланың мінез-құлқына баға берген кезде, мақтау, мадақтау кезінде байқалып отырады. Сондықтан да әдептілік – педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек. Өйткені, педагогикалық әдеп – педагогтың ең етене кәсіптік белгісі, педагогикалық шеберлігі. Ал, педагогикалық шеберлік дегеніміз не? Оны әрине барлығымыз жақсы білеміз. Әйтсе де, менің түсінігімдегі педагогикалық шеберлік, ол – педагогтың пәнді жетік білуі, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білуі, педагогтың өмірге деген көзқарасы және педагогикалық әдебі. Ол үшін адамда, ең алдымен кәсіптік білім, біліктілік, кәсіптік қабілет болу керек. Осы қасиеттердің барлығы бойында жиналған адам нағыз педагог атағына сай деуге толық негіз болады. Екінші ұстаз, энциклопедист ғалым Әл-Фарабидің «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиетті меңгерген дана адам болу керек» деген керемет ойы сөзі бар. Осы сөздің

мағынасына үніліп көретін болсақ, адамның бойында тума қасиет болмаса, даналықтың төріне жету қиын. Ал, тәрбиеші адам дана болуға тырысуы тиіс. Ол үшін тәрбиеші бойында мейірімділік, балаларға деген шынайы махаббат, эмоционалдық байсалдылық, әділдік, балаларға деген зейін, қайырымдылық, сергектік, жігер болса, ол тәрбиеші әр баланың жүрегінен орын табатыны талассыз. Ал, егер тәрбиешінің бойында баланы жеке тұлға ретінде қабылдамау, әділетсіздік, өзін-өзі ұстай білмеу, балаларға немқұрайлы қарау сияқты теріс қасиеттер болса, оны бала бірден сезеді. Және ол тәрбиешіден өзін алыс ұстайды, жолмайды. Сондықтан да педагогикалық этиканың ең қажетті тұсы осы жерде көрінеді. Бұл жерде тәрбиешінің адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз тәрбиешінің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады. Ескере кететін тағы бір жағдай, педагогикалық техника туралы ұғым. Педагогикалық техника – педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені болғандықтан оның да маңызы ерекше орын алады. Дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі, жест және мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі, өзінің психикалық жағдайын – сезімдерін, көңіл-күйін – басқара алу икемділігі, өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі (элеуметтік перцепция), барлығы, педагогқа керек дүние. Егер кез келген педагог ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жылдық жоспарға сәйкес әр тәрбиеші бекітілген ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттерін өткізді. Барлық тәрбиешілер өздеріне берілген тапсырмаларды жақсы орындады. Ашық іс-әрекеттер өз дәрежесінде өтті. Балалар өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Маған жұмыстарыңыз ұнады сіздерге өз атымнан алғысымды білдіреміндеп сөзін аяқтады.

жасады . Тәрбиеші ашық іс-әрекеттің мақсатында тоқталып өтті. Ашық іс-әрекет керемет ұйымдастырылған топтық жұмыстар ұнады. Бірақ тәрбиеші өзімен көбірек жұмыс жасау керек. Іс- әрекет кезеңдерінде тәрбиеленушілер мен тәрбиеші арасында байланыс болмады.Себебі тәрбиеші дауыс интонациясымен көбірек жұмыс жасап балаларды өзіне қарата,қызықтыра білуі керек деген ұсыныс айтты.Сөйлегендер 3 Паташова ортаңғы топ тәрбиешісі А.Асанова ашық іс-әрекетіне талдау жасады.Аижарқын апай “Жыл мезгілдері” тақырыбында ашық іс-арекет өтті. Тәрбиеші балалармен бірге музыка әуенімен топқа кірді. Жыл мезгілдері туралы айтып саяхатқа шықты.Саяхатта сиқырлы есіктерге кездесті .кілттердің түстерін сәйкестендіріп есіктерін аштты.әр есікте тапсырмалар берілген 1-Көктем мезгілінің есігі(жасыл түс тапсырмасы)-жмбақтар.2- жаз мезгілі есігі(қызыл түс тапсырмасы)-мезгіліне қарай киіндір. 3- Күз мезгіліесігі (сары түс тапсырмасы)-суретпен жұмыс .4-Қыс мезгілінің есігі ашылды (ақ түс тапсырмасы) шығармашылық жұмыс. Тәрбиеші балаларды 4 топқа бөлді 1-топ Қыс -ермексазбен қар түйіршіктерін жасап ағаш бұтақтарына қойды. 2-топ Жаз -су бояумен алақандарымен күн ,гүл бояды .3-топ Күз -қиынды қағаздардан жапырақ жапсырды .4.-топ Көктем -құлқ тазалауға арналған шилерді қағазға тығып гүл құрастырды .Ашық іс-әрекет өте тамаша өтті .

Тәрбиеші өзіне балаларды қара білді', балалар белсенділік танытты. Көрнекіліктер көздің жауын алардай тамаша жасалған.Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өте жақсы ұйымдастырылған деп бағалап қорытындылады .Меңгеруші тәрбиешілерге алғыс білдіре отырып ,шығармашылық табыстар тіледі.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балалардың құзыреттілігін дамытудағы мониторингі ойдағыдай жүргізілсін .
2. Балалардың тілін дамыту бойынша педагогтар жұмыс жүргізссін.
3. Педагогтардың тілдесу мәдениеті тәртібін, әдептілік сақтауер ежесін бақылау қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің альбомдары мен көрнекіліктері жинақталып, талдау жасалсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

**Педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

2023 наурыз

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Дидактикалық ойын арқылы балалардың тілін дамыту» баяндама.
3. «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренинг.
4. Математика негіздері іс-әрекетінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы.
Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
5. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу 2022-2023 оқу жылына аттестаттау Кеңесінің сараптамалық кеңестің құрамын сайлау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Топ тәрбиешілері баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағына енгізді. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылды. Тәрбиешілеріміздің өткен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері талқыланып, айтылған ұсыныстар орындалды.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Аюпова «Дидактикалық ойын арқылы балалардың тілін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Тәрбие – баланың дүниеге келген сәтінен басталады. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тербелейтін негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын негізінен балаларға дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдерін, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Ойындарды бала тәрбиесіне енгізу үшін тәрбиешілер көптеген жұмыстарды атқарады. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану іс-әрекеттің әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін,

баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болу керек. Кейде ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндірілмейді де, балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, іс-әрекетке ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Балаларға алдарына қойылған дидактикалық тапсырмаларды өз беттерінше орындау үшін тәрбиеші көркем әдебиет оқып беру, алдын-ала жұмыс жүргізу керек.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдырымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойынның ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді. Сонымен қатар дидактикалық ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі. Балалардың іс-әрекетке қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалдарды меңгеруіне ықпал етеді. Дидактикалық ойындардың тиімділігі – іс-әрекеттің әр кезіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын тәрбиешінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын-ала дайындап алуға, балаларды белсенді қатыстыруға байланысты. Ойын түрлері іс-әрекет мазмұнына қарай белгілі бір мақсатта таңдап алу керек. Мазмұнды ойындарды қайталай бермеу керек, ол үшін өтілетін іс-әрекеттің тақырыбына сәйкес келетін ойын түрлерін күні бұрын реттеп, оны жүргізудің тиімді тәсілдерін ойластыру қажет. Барлық іс-әрекеттерде дидактикалық ойындар қолданылады, оны іс-әрекеттің ортасында қолданған ыңғайлы. Мысалы, сауат ашу сабағында дидактикалық ойындар балаларды тәрбиешінің айтқанын дұрыс ұғып, оны тыңдай білуге, дыбыстарды ажыратып, ойда сақтап, сөз құрастыруға, олардың ой-өрісін дамытуға үйретеді. Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері беріледі, балалар аз ойналады. Мысалы, бала ойнап отырған көліктің дөңгелегі нешеу, түсі қандай, кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане, «сен көк кубиктерді әкелші», «үстелге апарып қойшы» т.б. Бұл жерде балалар кеңістікке бағдарлауды үйренеді. Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін іс-әрекетте және іс-әрекеттен тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы баланың жеке басын, ойын әрекетін дамытуға болады. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға, ойлауын, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, салыстыру, жіктеуге, өзін-өзі бақылауға үйретеді. Дидактикалық ойындарды іріктеуге баланың ойынды саналы түсініп, оның шартын дұрыс орындауға тырысып, белгілі бір нәтижеге жету мақсаты көзделеді. Ойын мақсатына сай ойын шартын орындап, ондағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруге дағдыланады. Ойын шартын, ережесін қатаң сақтау арқылы онда жолдастарын тыңдай білу, олардың қатесін түзетуге белсенділік көрсетуге ынталандырылады. Жолдасының қатесін түзетуге көмектесуде, ойын шартын түсіндіріп ойынды жалғастыруға, жаңа ойын ережесін ойлап табуға, оны басқаларға түсіндіре білуге, ойынды ұйымдастыруға жатықтырылады. Дидактикалық ойындарды сөйлеуді дамыту іс-әрекетінде пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Іс-әрекетті бекіту, іс-әрекетте меңгерген материал туралы

түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ол ойындар іс-әрекеттің тақырыбына, мақсатына сай таңдалып алынады. Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардағы тапсырмалар: сөйлеудің екі түрі – монологтық және диалогтық сөйлеуге арналған. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Антоним сөздермен таныстырғанда жануарларды зообаққа әкеліп, оларды жеке орындарға орналастыру тапсырмасы беріледі. Бала жануарлардың денесіне қарап, «үлкен, кіші» деп бөліп, оларды соған сәйкес үлкен торға немесе кіші торға орналастырады. Антоним сөздерді салыстыру жолымен жұмыс жүргізу баланың ой-өрісін кеңейту үшін өте пайдалы. Сондықтан антоним сөздерді осы сияқты дидактикалық ойындарды ұйымдастыру арқылы меңгертуге болады. Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін тереңдету үшін «Жалпы қалай аталады?» «Жалпы атауын бер», «Жеке-жеке атын ата» сияқты дидактикалық ойындар ұйымдастырылады. Мысалы: кесе, қасық, тарелка, шанышқы «ыдыс аяқтар», алма, алмұрт, шие, өрік – жемістер, қияр, картоп, сәбіз, қызылша – көкөністер, көйлек, камзол, тақия, бешпент – киімдер, етік, туфли – аяқ киімдер т.б. немесе керісінше үй жиһаздарын — диван, төсек, үстел, орындық, теледидар, отбасы мүшелерін — әке, шеше, ата-әже, аға – іні, қарындас т.б. оқу құралдарын – кітап, дәптер қалам, өшіргіш, сумка т.б. Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардың мақсатына сәйкес шарты нақты көрсетіледі. Бұл ойындарды іс-әрекетте және іс-әрекеттен тыс уақытта пайдалану арқылы баланың тілін дамытумен қатар ойынды өз шығармашылығымен жалғастыруға, ойын шартын дұрыс орындауға, белгілі бір нәтижеге жетуге, ұжымдық мақсатқа бағынуға, үлкендер мен балалар арасында ынтымақтастық қарым – қатынас орнатуға болады. Іс-әрекеттің қызықты, тартымды өту үшін дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр балаға жеткілікті болу керек, сонда ғана балаларға түсінікті болады. Дидактикалық ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталуы үшін эстетикалық, гигиеналық талаптарға сай, әдемі қораптарда, қалталарда тұру керек. Іс-әрекетте дидактикалық ойындарды қолданып отырсақ қана мақсатқа жетіп отырамыз.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі О.Усербаева «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» психологиялық тренинг ұйымдастырды. Мақсаты: психоэмоционалды күйін реттеу дағдысын қалыптастыру; педагогтардың эмоционалды күйінің алдын алу; қарым-қатынас біліктілігін арттыру; топтық, ұжымдық қабілеттерін айқындау; тренингтік топтың жұмыс жүргізуіне қолайлы жағдай жасау; тілектестік атмосферасын қалыптастыру; қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру; өзара тиімді әрекеттестікке кедергі келтіретін ішкі ширығуларды жою; жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу; жас мамандар өздерін педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау; - қатысушыларды тренингтік топтардың негізгі жұмыс принциптерімен таныстыру, педагогтармен тренинг барысында төмендегі принциптерді ұстануды сұрады. Белсенділік принципі: әр жаттығуға мүмкіндігінше белсенді қатысу, Зерттеу және шығармашылық қатынасындағы принцип: жаттығу барысында ішкі зерттеу жүргізе отырып, шығармашылық қабілетті ояту, Қарым-қатынастық принципі: қатысушылармен контакт орнату, Шындық принципі: әр жаттығуға шынайы қатысу, өз ойын шынайы айта білу, Қазір, осы жерде принципі. «Қазір менің көңіл-күйім неге ұқсайды?» жаттығуы, «Суретті аяқта» жаттығуы, «Чемодан» жаттығуы, «Тілек айту» жаттығуы, «Арқаға сурет салу» жаттығуы, «Арал» жаттығуы, «Комплименттер каруселі» жаттығуы, "Айдаһар" жаттығуыларын жүргізді. Педагогтар жаттығуларға өте жақсы қатысты. Тренинг соңында Рефлексия «Бармақ» әдісін жасады. Педагогтар тренинг бас бармақ жоғары көрсетілсе

ұнады, төмен көрсетілсе ұнамады деген әдіспен бағалады. Педагогтар ұсынылған принциптерге сүйене отырып, белсенді қатысып, көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Тәрбиешілер педагог-психологқа рахметін айтты.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева «Математика негіздері іс-әрекетінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы» тақырыпты тексерудің нәтижесі туралы айтып өтті. Тақырыпты тексеру ересек «Көбелек» тобында ұйымдастырылды. Балабақшадағы балалардың білімін зерттеу тәрбиешінің ең маңызды, негізгі жұмыстарының бірі. «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі математика негіздері іс-әрекеті бойынша «Геометриялық пішіндер мен денелер» тақырыбында өтті. Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы ұғымдарын кеңейту. Айналадағы қоршаған ортада оларға ұқсас заттарды табу, жасалу жолдары мен құрылысына мән беру, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату болды. «Ұқсас бейнені тап» дидактикалық ойынын тәрбиеші жетекшілігімен жүргізді. Балаларға түрлі тапсырмалар берді. Балаларға үлгі бойынша құрастыруға фигуралар берілді. Алдымен, бейнеленген заттардың әр бөлшектері қандай фигуралардан тұратынын айтып кетті. Сергіту сәті орындалды. Балалар геометриялық пішіндерді түсіне, пішініне қарай ажыратып жатты. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде айналадағы қоршаған ортада оларға ұқсас заттарды табу, жасалу жолдары мен құрылысына мән беру, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратып, балалардың тілін дамыту жұмыстарын көбірек жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жылдық жоспарға сәйкес балабақша тәрбиешілері берілген тақырыптарға байланысты ұйымдастырылған ашық іс-әрекетін өтті. Тәрбиешілер іс-әрекеттерін өз уақытында өткізді. Көрнекіліктері тақырыпқа сай жасалған. Балалар тапсырмаларды дұрыс орындады, сұрақтарға толығымен жауап берді. Ойынға белсене қатысты. Әр жоспар жақсы құрылып, тамаша ұйымдастырылған. Кейбір тәрбиешілердің жіберген кемшіліктері туралы өзге тәрбиешілер өз пікірлерін айта отырып, ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді өткізген тәрбиешілерге ұсыныстарын білдірді.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балалардың тілін дамыту бойынша педагогтар жұмыс жүргізсін.
2. Педагогтардың тілдесу мәдениеті тәртібін,әдептілікті сақтау ережесін бақылау қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Математика негіздері іс-әрекеті бөлмдерінің дұрыс орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерінің альбомдары мен көрнекілітері жинақталып, талдау хаттамалары жазылсын.
5. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін.
Аттестаттау бойынша комиссия құрамы:

Кеңес төрайымы



О.Усербаева



Хатшы

Нарова.Н

Педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

2023 мамыр

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі.
3. Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
4. Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешілері жұмыстарын орынды жүргізіп келеді. Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің жұмысы көз қуантарлық десе де болады. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Математика негіздері іс-әрекетінің бөлімдерінің дұрыс орындалуына келетін болсақ, математика негіздерінде баланың ойымен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыру әрбір тәрбиешінің міндеті. Өртүрлі әдіс-тәсілдердің бәрін жүзеге асыру оңай шаруа емес. Оған ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу қажет. Тақырыпты тексеру барысында математика негіздері іс-әрекетінің бөлімдерінің орындалуын тәрбиешілер ойдағыдай жүргізіп келеді. Дөңгелек үстел қонақтары «Ақ көгершін» бөбекжай балабақшасының ұжымын мақтап, мадақтап өз ризашылықтарын білдірді. Балабақшаның тазалығы, қызметкерлерінің ауызбіршілігі мен ынтымақтастығы, қол өнер көрмелеріне оң бағасын берді. Өз тарапымынан балабақша әкімшілігі тарапынан балабақша қызметкерлеріне алғысымды айтамын. Еңбектеріңіз жанып, денсаулықтарыңыз мықты болып, балалаларды тәрбиелеуде тынбай еңбек ете беріңіздер.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке деінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басым бағыты болып табылады. Еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы – балаларға мектепке дейінгі сапалы білім беру және олардың қабілеттерін дамыту қоғам үшін де өте маңызды. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі білім беру саясаты, әлемдік білім беру кеңістігіне кіруіне байланысты, ең алдымен мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бала қабілетін ашатын алғашқы саты ретінде жоғары талаптар қояды

және жаңа, тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдерді жедел іздестіруді көздейді. Үлгілік оқу бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелердің жетістіктерін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік міндеттерінің бірлігін қамтамсыз етеді. Бағдарламаның ерекшелігі қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамсыз ету болып табылады. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуде. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай әр топта жұмыс жүргізіп келеді. Жоспарға сәйкес топ тәрбиешілерінің оқу процесіндегі жүргізіп отырған жұмыстарын балалар толық түсініп нәтиже шығара алады. Әр топта балалар іс-әрекет барысында өздерін жақсы жағынан көрсетіп бағдарлама материалдарын жетік меңгерді. Бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша білімі мен дағдылары төмен балаларға жеке даму парағы жасалып, жылдың соңына дейін жүргізілді және балалармен жеке жұмыс жасалды. Жеке жұмыс барысында балалардың білімі мен дағдылары бастапқы, аралық көрсеткіштен әлдеқайда жоғарылап, балалардың даму нәтижесі қарқынды өсуіне ықпал етілді. Барлық топтың тәрбиешілері балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруін айтып талқылап шықты.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер 2022-2023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп берді. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі-оқу тәрбие жұмысының сапасын арттыру, әрбір баланың жеке тұлғасын шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау. Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі сияқты мәселелер тәрбиешілерден шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсіби шеберлікті талап етеді. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Осы жайттарды айта отырып тәрбиешілердің тынымсыз еңбек пен шығармашылық ізденіс нәтижесі көңілге қонымды болды. Тәрбиешілердің шығармашылыққа қызулығы басты нысана болып алынуымен байланысты, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы тәрбиеленушілердің білім, білік дағдыларының тәтижелі ететінін нақтылай түседі. Жаңа технологияны жүзеге асыруда тәрбиешінің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі ерекше орын алады. Кез келген тәрбиешінің міндеті – балаға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Әр бала тәрбиешінің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін ашады. Баланы балабақшадан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Сөзге ортаңғы тобының А.Асанова тәрбиешісі шықты. Ол кісі өз сөзінде: ең алдымен осы уақыт ішінде технология бойынша жұмыс істеудің тиімді жақтарын айтатын болсам:

1. Әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланды;
2. Баланың жеке қабілеті айқындалды;
3. Іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;

4. Баланың ойлау қабілеті артты;

Мен өзім осы тақырыпта материалдар жинақтап, әдістемелік құрал шығаруға ат салысамын – деп сөзін аяқтады. Барлық тәрбиешілер өздерінің шығармашылық тақырыптарына түгелдей есеп берді.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау бойынша сөз қозғады. Ол кісі өз сөзінде: мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру тікелей қызметкерлерге байланысты. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына қойылатын талаптар барған сайын жоғарылауда. Бұл талаптар мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер алдында тұрған міндеттер жүйесіне енеді, өйткені баланың жетістіктерінің деңгейі мен сипаты ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, оның өз бетімен жұмыс істей білуіне, үнемі кәсіби жетілуіне байланысты. Бүгінгі таңда сауатты, жан-жақты дайындалған, қайырымдылықтың, инабаттылықтың үлгісі болған, педагогикалық шеберлікті меңгерген ұстаз қажет. Бүгінгі күні балабақша педагогтары алдында ең негізгі мақсат тұр, балабақша басшысы балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды анықтайды және жүзеге асырады. Бірінші мақсат – бұл барлық балалардың физикалық сапа және еңбек ете білуін дамыту, білім, дағды және танымның нақты жүйесін анықтау, өздерінің танымдық қажеттіліктері мен интеллектуалдық қызығушылықтарын қанағаттандыру, өз ақыл-ес мүмкіндігі мен тәуелділігін толық түрде ашуға мүмкіндік алу. Бұл мақсат балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асады. Жылдық жоспар мектепке дейінгі білім беру мекемесінің міндетті құжаты болып табылады. Ол оқу жылы шеңберінде барлық педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіруге мүмкіндік беретін нақты міндеттерді шешуге бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жылдық жоспарына сәйкес педагогикалық, медициналық және қызмет көрсету қызметкерлерінің нақты іс-шаралары мен жұмыс мазмұны анықталды. Жоспар ата-аналар мен балабақшамен бірлесе жұмыс істеуді және ата-аналарды педагогикалық білімдендіру бойынша іс-шараларды қарастырады. Меңгеруші жылдық жоспарды құрастыра отырып, бұл жоспарды мекеменің барлық педагогикалық ұжымы орындайтынын басшылыққа алады. Міне осы тұрғыда балабақша қызметкерлеріне жалпы ережелер таныстырылған болатын. Еңбек тәртібін сақтау, жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшіліктің бұйрықтарын уақытылы орындау. Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау. Балабақша қызметкерлері өз жұмыстарын дұрыс орындай білді. Жылдық міндеттемелерді орындауда 10 педагог жұмыс атқарды. Олардың ішінде 6 педагог жоғары білімді. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтай отырып жұмыс жасады. Өз тарапымнан ағысымды білдіремін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарымен жұмыс жүргізуі жалғастырылсын.
3. Балалбақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау қанағаттанарлық деп табылсын

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н